**Оқыту тілі**

Қазақ

**Жасалған күні**

02-05-2024

**Өтінім беру күні**

30-05-2024

**Өтінімнің номері**

011401-057-24

**Тізілімде тіркелеген күні**

19-07-2024

**Тіркеу номері**

011401-057-4068-24

**QR код**

**Өңір**

Ақмола облысы

**ТжКОББ ұйымы**

«Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК

**Әзірлеуші-серіктес (жұмыс беруші)**

Көкшетау қаласының білім бөлімінің №17 орта мектеп-гимназия коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Білім деңгейі**

Орта білімнен кейінгі

**Даярлық бағыты**

011 Білім

**Даярлық мамандануы**

0114 Пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

**Мамандық коды және атауы**

01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі

**Біліктілік(-тер) коды және атауы**

5AB01140101 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

**ҰБШ бойынша деңгейі**

5

**Білім беру бағдарламасының мақсаты**

Бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуы бойынша мамандарды даярлау.

**Кәсіптік стандарт (бар болса)**

Педагог. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 15.12.2022 ж. №500 бұйрығы.

**WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса)**

Teaching in elementary grades - Бастауыш сыныптарда оқыту

**Оқыту нысаны**

Күндізгі

**Білім базасы**

Жалпы орта

**Кредиттердің жалпы көлемі**

225

**Индустриалдық (жұмыс берушілер) кеңесінің отырысы хаттамасының №, күні**

№ 1, 01.02.2024ж.

**Оқу-әдістемелік кеңесі отырысы хаттамасының №, күні**

№ 3, 07.03.2024ж.

**Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері**

Жоқ

**Тәсіл**

Модульдік-құзыреттілік

**Лицензия**

Лицензия 11 сынып.pdf

## Құзыреттер тізімі

| № | Құзыреттер индексі | Құзыреттер атауы |
|---|---|---|
| 1 | Қ 1. | Салауатты өмір салтын қалыптастырып, дене қасиеттерін жетілдірудің технологияларын меңгеру. |
| 2 | Қ 2. | Кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық және ақпаратты сандық өңдеу әдістерін қолдану. |
| 3 | Қ 3. | Патриотизм мен азаматтықты, ұлттық сана-сезімді, парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құбылыстар саласында азаматтық ұстанымды көрсету. |
| 4 | Қ 4. | Экономиканың теориялық негіздерін меңгеру, кәсіпкерлік қызмет дағдылары мен қаржылық сауаттылықты күнделікті өмірде тиімді қолдану. |
| 5 | Қ 5. | Педагогикалық интеграция арқылы оқыту үшін қолданылатын модельдер мен ойын технологияларын жүзеге асыру бағдарламасын әзірлеу. |
| 6 | Қ 6. | Тіл дамыту мен жазу икемділіктерін игеріп, жеке тұлғаға грамматикалық және оқу техникасын қалыптастыру. |
| 7 | Қ 7. | Педагогикалық мақсат қою, инноватика және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды ескере отырып, кәсіби қызметте теориялық білімді қолдану. |
| 8 | Қ 8. | Психологиялық-педагогикалық диагностика, талдау және синтез негізінде кешенді педагогикалық мониторингті жүзеге асырып, алынған нәтижелермен өзін-өзі бағалауды меңгеру. |
| 9 | Қ 9. | Дифференциалды және интеграцияланған оқытудың лайықты педагогикалық әдістерді таңдап, сабақтың мақсатына сәйкес оқу материалдарын әзірлеу және теориялық, практикалық дағдыларға назар аудару. |
| 10 | Қ 10. | Бастауыш сыныпта математикалық сауаттылығын дамыту теориясы мен әдістемесін меңгеріп, педагогикалық қызметте қолдану. |
| 11 | Қ 11. | Қоршаған ортаны тану және оқу әдістемесін меңгеру. |
| 12 | Қ 12. | Кәсіби салада зияткерлік, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуының ерекшеліктерін игеріп, кәсіби іскерлік тәсілдерін меңгеру. |

## Модульдердің (пәндердің) мазмұны

| № | Модульдер (пәндер) | Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы | Оқыту нәтижелері | Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны | Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны | Құзыреттер индексі | Қорытынды бақылау нысандары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Жалпы білім беру пәндері** | | | | | | | |
| **Жалпыға міндетті модульдер (жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер)** | | | | | | | |
| 1 | ЖММ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру | Дене шынықтырудың әлеуметтік-биологиялық және психофизиологиялық негіздері; әртүрлі даму сатыларындағы морфологиялық ерекшеліктері; физиологиялық қызметтерді реттеу негіздері мен кері байланыстың принциптері; дене шынықтыру және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; салауатты өмір салтының негіздері. | ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салтын ұстану.<br>ОН 1.2. Адам анатомиясы мен физиологиясының негізін меңгеру. | 9 | 216 | Қ 1. | С |
| 2 | ЖММ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану | Компьютерлік технологияларды пайдалану дағдылары; ақпараттық процестердің қоғамдағы рөлі, ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективалары; жүйені талдау, шешім ұсыну, бағдарламалық қосымшалар жасау, өздерінің өнімдерін бағалау мүмкіндіктері. | ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.<br>ОН 2.2. Ақпараттық анықтамалық және интерактивті веб-порталдың қызметтерін пайдалану. | 2 | 48 | Қ 2. | С |
| 3 | ЖММ 3. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану | Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу нормалары; патриотизм мен азаматтықты, ұлттық сана сезімді, парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту принциптері; философияның негізгі ұғымдары мен заңдылықтары; мәдениет, дін және өркениет қағидалары; қоғамдағы азаматтар мен саясаттың басқа да субьектілерінің өзара қарым-қатынастары жүйесінің жұмыс істеу заңдылықтары; мемлекеттік-құқықтық қатынастар мен құбылыстар жүйесі. | ОН. 3.1. Философия негіздерін меңгеру.<br>ОН. 3.2. Құқықтың негізгі салаларын түсіну.<br>ОН. 3.3. Мәдени құндылықтарды тану.<br>ОН. 3.4. Саяси-әлеуметтік білімді қалыптастыру.<br>ОН 3.5. Қазақстанның қазіргі тарихын игеру. | 10 | 240 | Қ 3. | С |
| 4 | ЖММ 4. Кәсіби қызметте қазіргі заманғы экономикалық жүйенің жұмыс істеуінің негізгі заңдылықтары мен механизмдерін қолдану | Кәсіпкерлік қызмет дағдыларын және қаржылық сауаттылықты игеру негіздері; кәсіпкерлікті дамытудың мақсаттары; кәсіпкерліктің мәні және мазмұны; кәсіпкерлік қызметтің түрлері; кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру және дамыту жолдары; кәсіпкерлік тәуекел, кәсіпкерлік бәсекелестік, бизнес жоспар құру принциптері; кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын | ОН 4.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді игеру.<br>ОН 4.2. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың заңнамалық негіздерін меңгеру. | 4 | 96 | Қ 4. | С |

| № | Модульдер (пәндер) | Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы | Оқыту нәтижелері | Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны | Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны | Құзыреттер индексі | Қорытынды бақылау нысандары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мемлекеттік органдардың жұмыс функциялары; экономиканың ғылыми-теориялық бағыттары; қазіргі заманғы экономикалық жүйенің заңдылықтары мен тетіктері; нарықтық экономика элементтері. | | | | | |
| **Базалық және кәсіптік модульдер (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер)** | | | | | | | |
| 1 | КМ 1. Оқу процесін жоспарлау | Адамгершілік құндылықтар мен нормалардың негіздері; оқу-тәрбие процесінде қарым-қатынас тиімділігі, қажеттілігі; бастауыш сынып оқушыларының жас және жеке даму ерекшеліктеріне сай оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары, әдіс-тәсілдері; бағалау жүйесін іске асыру; ұйымдастырылған іс-әрекеттерде әр баланың қызығушылығын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру; түрлі әрекеттер арқылы ойын түрінде өткізу жолдары; ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын дамытудағы әртүрлі әдіс-тәсілдер. | ОН 1.1. Этнопедагогикалық адамгершілік құндылықтар мен нормаларды білу.<br>ОН 1.2. Қарым-қатынас этикасын меңгеру.<br>ОН 1.3. Критериалды бағалау жүйесін іске асырудың қағидаттарын, тәсілдері мен тетіктерін қолдану.<br>ОН 1.4. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып сабақтарды жоспарлау.<br>ОН 1.5. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесін игеру. | 15 | 360 | Қ 5., Қ 7. | Е |
| 2 | КМ 2. Оқыту процесін қалыптастыру | Тіл, әдебиет және әдістеменің кезеңдері арқылы тәрбие мен білім беруге бағытталуы; жеке тұлғаның ой-өрісін, сана-сезімін дамыта отырып, заман талабына сай тәлімі мен білімін қалыптастыру жолдары; білім алушылардың мектеп бағдарламасы бойынша меңгерген білімдік дағдылары мен жазу икемділіктері, теориялық білімдерін жүйелеу; мәнерлеп оқу және тіл дамыту әдістемелерінің түрлері мен кезеңдері. | ОН 2.1. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасын меңгеру.<br>ОН 2.2. Тіл дамыту әдістемесін қалыптастыру.<br>ОН 2.3. Көркем жазу іскерлігін игеру.<br>ОН 2.4. Балалар әдебиетінің кезеңдерімен мәнерлеп оқу техникасын үйрену. | 13 | 312 | Қ 6. | Е |
| 3 | КМ 3. Оқу іс-әрекетін жобалауда оқу процесін ұйымдастыру | Педагогика пәні, негізгі ұғымдары, әдістері; дидактикалық ұғымдарды оқыту түрлері, принциптері, әдістері, формалары; білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілері; Worldskills қозғалысындағы «Кіші сыныптарда оқыту» құзыреттілігінің техникалық сипаттамасы; оқу іс-әрекетін жобалаудың ғылыми негіздері; ғылыми жоба жұмыстарын жоспарлай білу; бастауыш білім беру педагогикасының жалпы | ОН 3.1 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесінің теориялық және практикалық негіздерін қолдану.<br>ОН 3.2. Іс-әрекетті жобалау.<br>ОН 3.3. Инновациялық технологияларды қолдана отырып менеджменттік қасиеттерді игеру. | 12 | 288 | Қ 5., Қ 7. | Е |

| № | Модульдер (пәндер) | Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы | Оқыту нәтижелері | Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны | Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны | Құзыреттер индексі | Қорытынды бақылау нысандары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | негіздері; тәрбие теориясы, дидактика негіздері; мектеп ісін басқарудың теориясы мен практикалық негіздері; менеджменттің даму тарихы; білім беру процесін басқару логикасы. | | | | | |
| 4 | КМ 4. Оқыту және тәрбиелеу процесін іске асыру | Кәсіби қызметте білім алушының психикалық ерекшеліктерін, тұлғалық қасиеттерін ескеру, негізгі орта білім берудегі психологияның теориялық және практикалық негіздері; отбасылық психологияның ерекшеліктері; болашақ мамандардың эмоциялық және когнитивті сфераларының әдістері. | ОН 4.1. Бастауыш сынып оқушысының психологиясын оқу үрдісінде қадағалау, психикалық процестерді, қасиеттерді, жағдайларды сипаттау.<br>ОН 4.2. Отбасын тану психологиясын меңгеру.<br>ОН 4.3. Оқушының психология-педагогикалық ерекшеліктерін игеру. | 9 | 216 | Қ 5., Қ 7., Қ 8., Қ 9. | Е |
| 5 | КМ 5. Білім алушылардың білім мазмұнын игеру барысы мен деңгейін бақылау | Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде тәрбие әдістері, формалары, тәсілдері; экологиялық тәрбие негіздері; ерекше білім беруді қажет ететін балалармен білім беру мекемесінде инклюзивті білім беруді ұйымдастыру түрлері; шағын жинақты мектеп жағдайындағы оқу-тәрбие міндеттері мен педагогтің қызметін кәсіби шешу үшін қажетті құзыреттерін қалыптастыру негіздері; педагогикалық дағдысы мен іскерлігі, кәсіптік біліктіліктері; балалармен жұмыс жасауды ұйымдастырудың мәні және оның жалпы заңдылықтары мен принциптерінің айырмашылықтары; мектеп педагогі білім алушының жеке басының білімін, интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуы. | ОН 5.1. Тәрбие жұмысын жоспарлау.<br>ОН 5.2. Кәсіби біліктілікте тиімді психологиялық-педагогикалық, оның ішінде инклюзивті білім беру бағдарламасын меңгеру.<br>ОН 5.3. Шағын жинақталған мектепте оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруды жүзеге асыру.<br>ОН 5.4. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық дағдысы мен іскерлігін, кәсіптік біліктіліктерін қалыптастыру.<br>ОН 5.5. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының әдістерін қолдану.<br>ОН 5.6. Жазғы сауықтыру лагерлерінде әртүрлі жастағы балалармен жұмыс жасауды ұйымдастыру. | 29 | 696 | Қ 5., Қ 7., Қ 8., Қ 9., Қ 10., Қ 12. | С |
| 6 | КМ 6. Бастауыш сыныпта математикалық сауаттылықты оқыту және тәрбиелеу процесін іске асыру | Бастауыш мектеп математикасының мазмұны мен құрылымы, ерекшеліктері; сандардың нөмірленуі; сандарға қолданылатын арифметикалық амалдар, заңдылықтары мен қасиеттері; амалдарды орындаудың ауызша және жазбаша тәсілдері; алгебралық, геометриялық материалдар; шама ұғымы; математика сабағын жоспарлау; математикада қолданылатын оқыту технологиялары туралы түсініктер; кәсіби қызметті | ОН 6.1. Математиканың оқыту әдістемесін меңгеру.<br>ОН 6.2. Бастауыш сыныпта математиканың теориялық негіздері туралы түсінікті алу.<br>ОН 6.3. Педагогикалық қызметте сабақ беру дағдыларын меңгеру.<br>ОН 6.4. Бастауыш сыныпта оқыту мен тәрбиелеудің теориясымен инновациялық технологияларын қолдану. | 23 | 552 | Қ 5., Қ 7., Қ 8., Қ 9., Қ 10. | Е |

| № | Модульдер (пәндер) | Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы | Оқыту нәтижелері | Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны | Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны | Құзыреттер индексі | Қорытынды бақылау нысандары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жетілдірудегі қажеттіліктер; қауіпсіздік мәселелері және сақтық шаралары. | | | | | |
| 7 | КМ 7. Қоршаған ортаны тану, меңгеру және оқу ақпаратын тарату | Әлемнің ғылыми-жаратылыс картинасының компоненттерін; табиғаттағы зат және энергия айналымы; жалпы физикалық географиялық элементтерді, экология және биосфераның заңдылықтары; экологиялық қауіпсіздік элементтері; қоршаған ортаның сапасын бақылау әдістері, экологиялық тәуекелдерді басқару; бастауыш сыныптарда жаратылыстану және дүниетануды оқыту әдістемесі. | ОН 7.1. Жаратылыстану және дүниетануды оқыту әдістемесін қолдану.<br>ОН 7.2. Іс-тәжірибеде жаратылыстану – ғылыми білімді қолдану. | 7 | 168 | Қ 9., Қ 11. | С |
| 8 | КМ 8. Кәсіби дамуды жүзеге асыру | Мектепте музыкалық-тәрбие және көркемдік-еңбек қызметін жүзеге асыру; базалық және кәсіби педагогикалық музыкалық, көркемдік құзыреттерді қалыптастыру; болашақ мектеп педагогі білім алушының жеке басының білімін, іскерлігін, дағдыларын және интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуын қалыптастыру; бастауыш мектепте информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі; ағылшын тілін оқытудың теориясы мен әдістемесі; экологиялық қауіпсіздік негіздері; оқу мақсатына сәйкес пән бойынша жоспарлау және сабақ өткізу; жеке пәндер әдістемелерін оқып-үйрену нәтижесінде меңгерген білімдер; игерілген іскерліктер мен дағдылар; қауіпсіздік техникасы қағидалары. | ОН 8.1. Дене тәрбиесі оқу процесін ұйымдастыру және өткізу.<br>ОН 8.2. Қоршаған ортаның сұлулығын, әсемдігін көру және өз қолдарымен жасау.<br>ОН 8.3. Музыкалық іс-әрекет процесі арқылы эстетикалық тәрбиені қалыптастыру.<br>ОН 8.4. Бастауыш мектепте информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесін игеру.<br>ОН 8.5. Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың теориясы мен әдістемесін меңгеру.<br>ОН 8.6. Оқу мақсатына сәйкес пән бойынша сабақты жоспарлау және өткізу.<br>ОН 8.7. Бастауыш сынып мұғалімінің функционалды міндеттерін тәжірибеде қолдану. | 37 | 888 | Қ 5., Қ 7., Қ 8., Қ 9., Қ 10., Қ 12. | С |
| Аралық аттестаттау | | | | 6 | 144 | | |
| Қорытынды аттестаттау | | | | 4 | 96 | | |
| Өзіндік жұмыс | | | | 45 | 1080 | | |
| Факультативті сабақтар | | | | 15 | 360 | | |
| Консультациялар | | | | 12 | 288 | | |

## Білім беру бағдарламасын қосуға өтінім

«Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру Тізіліміне орналастыру және сараптама жүргізу үшін мамандағы 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі(коды, атауы), біліктілік (тер) 5AB01140101 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры (коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын жібереді.

Осы мамандық бойынша лицензияның болуы: Бар

Басшы: Ахат Нұртас Ахатұлы

Орындаушы: Қабдуәли Ұлан Балғабайұлы
Ұялы телефон: 87021485190
Электрондық пошта мекенжайы: kazped@mail.ru